**Жалағаш ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы**

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 2 қаулысы . Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 қаңтарда № 6153 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес Жалағаш ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 05.10.2020 № 140 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жалағаш ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш ауданының әкімі* *Қ. Сәрсенбаев*

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 9 қаңтардағы
№ 2 қаулысына қосымша

**Жалағаш ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 26.10.2021 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Орналасу орны | Алатын алаңы (шаршы метр) | Қызмет саласы | Ұсыну мерзімі | Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жалағаш кенті, Абай көшесі, "Қызылорда облысының денешынықтыру және спорт басқармасының №13 Жалағаш ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаны | 250 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Күншығыс" азық-түлік сауда дүкені |
| 2 | Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі, "ҚаппарАта" сауда кешені мен "Маржан-2002" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің автобустар тұрағы арасындағы аумақ | 260 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жансая" азық-түлік сауда дүкені |
| | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | "Алихан" | |
| 3 | Жалағаш кенті, " Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жаны | 260 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | азық-түлік сауда дүкені |
| 4 | Ақсу ауылы, Т.Елеусінов көшесі, "Ақбота " мейрамханасының сол жағы | 30 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Алмат" азық-түлік сауда дүкені |
| 5 | М.Шәменов ауылы, А.Құнанбаев көшесі, сауда дүкенінің сол жағы | 50 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | Аралас сауда дүкені |
| 6 | Қаракеткен ауылы, Қалмахан Кәрібаев көшесі, №2 үйдің сол жағы | 30 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Фариза" азық-түлік сауда дүкені |
| 7 | Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр мен Ж.Ермағанбетов көшелерінің қиылысындағы Бұқарбай батыр атындағы мәдени тарихи мемориалдық үйінің оң жағы | 10 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Сымбат" азық-түлік сауда дүкені |
| 8 | Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі, " Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№118 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сол жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Нұртілек" азық-түлік сауда дүкені |
| | Аққұма уылы, Б.Ақдаулетов және Х.Сарбасов көшелерінің қиылысындағы " | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Қазпошта" АҚ Қызылорда облыстық филиалы (Аққұм ауылпошта байланыс бөлімшесі) ғимаратының артқы жағы | 12 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жансая" азық-түлік сауда дүкені |
| 10 | Еңбек ауылы, А.Құнанбаев көшесі, ауыл базарының оң жағы | 100 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Асылзат" мейрамханасы |
| 11 | Есет батыр ауылы, Аламесек көшесі, "Қазақтелеком" АҚ Оңтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы Жалағаш желілік техникалық учаскесі мұнарасының оң жағы | 50 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Ақбота" азық-түлік сауда дүкені |
| 12 | Жаңадария ауылы, Абай көшесі, №13 үйдің оң жағы | 40 | Азық-түлік/ азық-түлік еместауарлар | 5 жыл | Жеке кәсіпкер "К.Куракбаеваның" дүкені |
| 13 | Мырзабай ахун ауылы, Мәдениет көшесі, "Қазпошта" АҚ Қызылорда облыстық филиалы (Мырзабай ахун ауыл пошта байланыс бөлімшесі) ғимаратының сол жағы | 40 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Таңшолпан" азық-түлік сауда дүкені |
| 14 | Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі, бұрынғы сауда қатарының оң жағы | 30 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Жомарт" азық-түлік сауда дүкені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Темірбек Жүргенов ауылы, М.Нұрылдаев көшесі, сауда орталығының алдыңғы жағы | 21 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Бәйтерек" азық-түлік сауда дүкені |
| 16 | Жаңаталап ауылы, П.Қарақұлұлы және Ә.Қожабаев көшелерінің қиылысындағы аялдаманың оң жағы | 50 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | “Нұржұма” азық-түлік саудадүкені |
| 17 | Аққыр ауылы, Ы.Ақмырзаев көшесі, " Жалағаш ауданы әкімдігінің " Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оңтүстік жағы | 50 | Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар | 5 жыл | "Гүлдана" азық-түлік сауда дүкені |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК